

Республиканың аграрлық және энергетикалық кешендеріндегі кейбір қаржылық міндеттемелерді реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 17 қыркүйек N 1130

Қазақстан Республикасының Үкіметі экономиканың аграрлық және энергетикалық секторларының дамуын және оларды дағдарысты жағдайлардан шығаруды тежейтін себептердің бірі 1994-1995 жылдары өндірілген және пайдаланылған мұнай өнімдері мен электр энергиясы үшін едәуір дебиторлық және кредиторлық берешектің болуынан деп атап отыр. Бұл әсіресе шаруашылық жүргізудің жаңа ұйымдық нысандарында жұмыс істейтін реформаланған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметіне теріс әсер етеді, энергетика кешенінің кәсіпорындарын қайта жаңарту процесін тежейді.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің 1994-1995 жылдары олар тұтынған электр энергиясы мен мұнай өнімдері үшін берешектерін реттеу, жекешелендіру кезеңдеріндегі олардың қызметі үшін, сондай-ақ энергетика және мұнай-газ салалары кәсіпорындарын жекешелендіру үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындарының 1994-1995 жылдары отын және электр энергиясы үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің пайда болған берешегін олардың арасындағы салыстыру актісіне сәйкес Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорына беру жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп екі апта мерзім ішінде осы қарыздарды беру тәртібін а й қ ы н д а с ы н .

2. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің 1994-1995 жылдары босатылған мұнай өнімдері үшін берешегі, сондай-ақ электр энергиясы үшін бекітілмеген салыстыру актілері бойынша берешегі (күмәнді берешек) Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі жүйелеріндегі кәсіпорындар мен ұйымдар олардың қаржылық нәтижелеріне есептен шығарады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы Экономика министрлігімен, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен және Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде аталған берешектерді шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық нәтижелеріне есептен шығару тәртібін

а й қ ы н д а с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік к о м и т е т і :

қаржылық нәтижелерге есептен шығарылғаннан кейін, бірақ 1994-1995 жылдары үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің берешектері өтелмеген мұнай-газ с а л а с ы ;

бекітілген салыстырма актісімен және бекітілмеген салыстырма актісімен қаржылық нәтижеге есептен шығарылған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің 1994-1995 жылдардағы берешектері Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорына жатқызылғаннан кейін - энергетика саласы объектілеріне ж е к е ш е л е н д і р у жү р г і з с і н .

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау қорына берілген электр энергиясы үшін берешек, Энергетика саласының кәсіпорындарын жекешелендіру, тарату шаралары жөніндегі қордан осы қарыздарды олардың қаржылық нәтижелеріне жатқыза отырып есептен шығарылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 1 қарашадағы N 1 0 2 7 Қ а у л ы с ы м е н .

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстардың әкімдері 1996 жылғы тұтынылған электр энергиясы мен мұнай өнімдері үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің берешектеріне жол бермеу жөнінде барлық шараларды қолдансын және қатаң бақылау белгілесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі